

Болатбекова Замира Тураровнаның
6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім
беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алуға ұсынған «Болашағы бар аквакультура объектілерін
тиімді өсіру мақсатымен тірі қоректерді культивирлеу технологиясы»
тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Болатбекова Замира Тураровнаның «Болашағы бар аквакультура объектілерін тиімді өсіру мақсатымен тірі қоректерді культивирлеу технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың өзектілігі Қазақстан аумағындағы балық шаруашылығында тірі қоректерді культивирлеу технологияларын пысықтау және сол тірі қоректерді қолдана отырып тилапия мен кларий жайын өсіру технологиясын жасау өте маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында балық шаруашылығын дамытудың үлкен мүмкіндігі бар. Балық шаруашылығының перспективалы бағыттарының бірі – өнеркәсіптік балық шаруашылығы. Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, 2030 жылға қарай балық өсіру көлемін 270 мың тонна/жылға дейін ұлғайту тұр. Бұл мақсатқа заманауи ғылыми әзірлемелерді енгізу негізінде балық шаруашылығын қарқынды дамыту қажет. Өнеркәсіптік балық шаруашылығы технологиялары жаңа бағалы балық түрлерін жыл бойы өсіруге кең мүмкіндіктер ашады. Өнеркәсіптік балық шаруашылығында өсіруге келешегі зор нысандар – тилапия және кларии жайыны.

Балық шаруашылығының қарқынды дамуы дернәсілдер мен шабақтарды өсіру үшін тұрақты қорек базасын құруды талап етеді. Ең жақсы нәтижелерге қарапайымдылар, олигохеттер, ротиферлер, шаянтәрізділер және т.б. сияқты тірі қоректерді қолданғанда қол жеткізіледі, әсіресе балық дернәсілдерінің дамуының ерте кезеңдерінде өміршең шабақ алуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмыстары Қазақстанда алғаш рет балықтарға арналған тірі қоректерді культивирлеу технологияларын жетілдіруге бағытталған. Тірі қорекпен қоректендіру кезінде тилапия мен кларий жайынының балықтық-биологиялық көрсеткіштері бағаланып, балық өсіру шаруашылығында қолданылатын тірі қоректі культивирлеудің экономикалық тиімділігі анықталды.

Докторанттың тилапия мен кларий жайынын тиімді өсіру мақсатымен тірі қоректерді культивирлеу технологиясын жетілдіру мақсатында жүргізілетін ғылыми - зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің теориялық құндылығы мен тәжірибиелік маңызы өте зор. Сонымен қатар балықтарды өсіру технологиясы келешекте балық шаруашылығымен айналысатын ірі және кіші шаруа қожалықтарына пайдаланылатын әдістемелік нұсқаулық болып табылады.

Тәжірибелік жұмыстар «Қапшағай балық өсіру-уылдырық шашу-1973» ЖШС балық өсіру шаруашылығында (Алматы облысы), «Балық

шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС зертханаларында (Алматы қ.) жүргізілген және ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес орындалған.

Жұмыс бірінші рет жүргізіліп отыруына байланысты айрықша өзекті және өндіріс сұранысына толық сәйкес келеді.

Жүргізілген жұмыста Қазақстан үшін балықтарға арналған тірі қоректердің жаңа түрлері ашылып, оларды культивирлеу технологиялары пысықталып, тірі қоректерді қолданып өсірілген тилапия мен кларий жайынының бастапқы және соңғы салмақтарының өзгеруі, өсімі, өміршеңдігі және бассейндердегі балық өнімділігі зерттелген.

Докторант жұмысты ғылыми кеңесшілердің басшылығымен жеке орындады. Эксперименттік бөліктің барлық көлемін толығымен орындап, деректерді талдады, зерттеу қорытындыларын жасады және практикалық ұсыныстар берді.

Жалпы жасалынған ғылыми жұмыс жаңалығы жағынан уақытқа сай, өте жоғары әдістемелік деңгейде жүргізілген, ғылымға қосылған үлкен зерттеу жұмыс болып табылады.

Диссертацияның негізгі ережелері мен алынған нәтижелері жыл сайын «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС ғылыми кеңесінің отырыстарында тыңдалды.

Диссертациялық жұмыс аясында 12 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 6-ы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала халықаралық Scopus деректер базасына енгізілген басылымда, 1 мақала «Балық шаруашылығы кешенін дамытудың заманауи мәселелері мен перспективалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында, 1 мақала «Қазақстанның және шектес елдердің су биологиялық ресурстары мен аквакультурасының жай-күйі» атты Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының 90 жылдығына арналған Халықаралық конференцияда баяндалды және талқыланды және пайдалы модельдерге 2 патент алынды.

Докторант Қазақстандағы қазіргі балық шаруашылығы нысандары үшін тірі қоректерді культивирлеу технологиясын әзірлеу және сол қоректермен тилапия және кларий жайынын өсіру бойынша толық зерттеулер жүргізу арқылы диссертацияның мақсаты мен міндеттерін толық орындады. Диссертация сауатты құрастырылған, барлық құрылымдық элементтері тексерілген және аяқталған жұмысты білдіреді.

Бүкіл жұмыста баяндалған мәліметтер докторанттың өзінің жеке зерттеулері болып табылады және ол жоғары әдістемелік деңгейде жүргізілген. Жалпы жасалынған ғылыми жұмыс жаңалығы жағынан уақытқа сай, өте жоғары әдістемелік деңгейде жүргізілген, ғылымға қосылған үлкен зерттеу жұмыс болып табылады.

Докторант Болатбекова Замира Тураровнаның «Болашағы бар аквакультура объектілерін тиімді өсіру мақсатымен тірі қоректерді культивирлеу технологиясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы

барлық қойылған талаптарға сәйкес келеді және 6D080200 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі:

Асқаденов С.М.

(тегі және инициалдары)

**«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС
бас директорының орынбасары,
б.ғ.д., профессор, АШХРК академигі**



(қолы)